

ҚЕАҚ «Ахмет
Байтұрсынов атындағы
Қостанай өңірлік
университеті»



Бекітілген
Басқарма Төрағасы-Ректоры

С.Куанышбаев

31.08.2023 ж.

ЕРЕЖЕ

ДУАЛДЫ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Е 033-2023

Қостанай, 2023 г.

Алғы сөз

1 ӨЗІРЛЕНДІ Академиялық қызмет жөніндегі басқармасы

2 ЕНГІЗІЛДІ Академиялық қызмет жөніндегі басқармасы

3 Ғылыми кеңестің шешімімен БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ 31.08.2023 № 11 хаттама

4 ӨЗІРЛЕУШІЛЕР:

Е.М. Исақаев – академиялық мәселелер жөніндегі проректоры, биология ғылымдарының кандидаты;

Э.К. Наурызбаева – академиялық қызмет жөніндегі басқарма бастығы, тарих ғылымдарының кандидаты;

Г.С. Исмаилова – білім беру бағдарламалары бөлімінің бастығы.

5 САРАПШЫЛАР:

Н.В. Божевольная – тіркеу офисінің бастығы;

Б.А. Калаков – машина жасау, энергетика және ақпараттық технологиялар факультетінің директоры, физика-математика ғылымдарының кандидаты.

6 ТЕКСЕРУДІҢ КЕЗЕҢДІЛІГІ

3 жыл

7 ЕНГІЗІЛДІ: алғаш рет

Осы Ереже «Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы - Ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды»

3
Е 033-2023
Мазмұны

1. Қолдану саласы	4
2. Нормативтік сілтемелер	4
3. Белгілер мен қысқартулар	5
4. Жалпы ережелер	5
5. Дуалды оқыту элементтерімен оқу процесін ұйымдастырудың шарттары мен тәртібі	7
6. Дуалды оқыту үдерісіне қатысушылардың қызметі	9
7. Келісім және тарату	13
А Қосымша Дуалды оқытуға жолдау үшін академиялық топтың білім алушысының өтініші	14
Б Қосымша Дуалды оқытуға жолдау үшін өтініш үлгісі	14
В Қосымша Дуалды оқытуға жолдау туралы бұйрық үлгісі	15
Г Қосымша Дуалды оқытуды жүзеге асыру бойынша келісімшарт үлгісі	19

1 Тарау. Қолдану саласы

1. «Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетіндегі» КЕАҚ дуалды оқытуды ұйымдастыру Ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-3 бабының 22 тармақшасына сәйкес әзірленді және «Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінде» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет) дуалды оқытуды ұйымдастыру тәртібін айқындайды. Жоғары білім бағдарламаларын игеретін күндізгі бөлімнің білім алушыларына арнлаған.

2. Бұл құжат нормативтік-анықтамалық құжаттамасының бөлігі, орындау үшін міндетті болып табылады және университеттің барлық оқу бөлімдерінде қолданылады.

Тарау 2. Нормативтік сілтемелер

3. Ереже келесі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

1) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі № 414-V ЗРК;

2) 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

3) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;

4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;

5) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары;

6) Жоғары және (немесе) жоғары білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығы;

7) Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137;

8) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597;

- 9) ҚР БҒМ ЖПБО 2019 жылғы 29 қазандағы 14-4/1610- 1 хатпен жолданған білім беру ұйымдарында кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар;
- 10) ҚП 081-2022 Құжатталған процедура. Құжаттамаларды басқару;
- 11) ҰС 082-2022 Ұйым стандарты. Іс жүргізу.

Тарау 3. Белгілер мен қысқартулар

4. Осы Ережеде мынадай қысқартулар қолданылады:

- 1) ECTS – Еуропалық трансферт (аударым) және несие жинақтау жүйесі;
- 2) АИС «Platonus» - автоматтандырылған ақпараттық жүйе «Platonus»;
- 3) ЖБ МЖС – жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- 4) ҚР ҒжЖБМ – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі;
- 5) ҰКП «Атамекен» - «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы;
- 6) ҚОБ – қашықтықтан оқыту бөлімі;
- 7) БББ – білім беру бағдарламалары бөлімі;
- 8) ОПЖҰБ – Оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру бөлімі;
- 9) ПОҚ – профессор-оқытушылар құрамы;
- 10) ЖОЖ – жұмыс оқу жоспары;
- 11) ҚОЖ – қашықтықтан оқыту жүйесі;
- 12) ТЖКБ, ОКБ – техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі білім;
- 13) АҚБ – академиялық қызмет жөніндегі басқарма;
- 14) МжЖОО – мансап және жұмысқа орналастыру орталығы.

Тарау 4. Жалпы ережелер

5. Дуалды оқыту – кәсіпорынның (ұйымның), оқу орнының және білім алушының тең жауапкершілігі кезінде білім беру ұйымындағы оқытуды кәсіпорында (ұйымда) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың міндетті кезеңдерімен ұштастыра отырып, білім алушыларға жұмыс орындарын бере отырып және өтемақы төлей отырып, кадрлар даярлау нысаны;

6. Университетте дуалды оқыту элементтерін енгізу кадрларды даярлау деңгейінің еңбек нарығының қажеттіліктеріне жақындауын қамтамасыз етуге, кәсіби дайындық сапасын арттыруға, оқудың тәжірибемен, білім беру жүйесімен байланысын және әлеуметтік серіктестіктің дамуын күшейтуге әсер етеді.

7. Дуалды оқыту екі нұсқада жүзеге асырылуы мүмкін: жеке студенттерді оқыту процесінде дуалды оқытуға ауыстыру, академиялық топтың дуалды оқуына ауысуы.

7.1 Жеке студенттер үшін дуалды оқуға ауысу толық оқу мерзімі бар (бакалавриат 3-4 курс немесе мамандық 4-5 курс) және техникалық-кәсіптік оқыту негізінде қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылары мүмкін болады.

7.2 Жеке студенттер үшін дуалды оқуға ауысу семестр немесе оқу жылына жүзеге асырылады. Академиялық топтың дуалды оқуға ауысуы техникалық-кәсіптік оқыту негізінде қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылары үшін оқу жылының басталуына кемінде 5 күн қалғанда жүзеге асырылады. Академиялық топтың дуалды оқуға ауысуы семестр немесе оқу жылына жүзеге асырылады.

8. Ережеде келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

1) Білім алушы – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымында оқитын тұлға;

2) Білім алушылардың аралық бақылауы / білім алушылардың бақылауы бір оқу пәнінің, бір оқу модулінің, сонымен қатар кәсіби модулінің бір біліктілік шеңберінде оны аяқтағаннан кейінгі бір бөлігін немесе толық мазмұнын меңгеру сапасын бағалау үшін жүзге асыралатын рәсім;

3) білім беру бағдарламасы - оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені;

4) дуалды оқыту – кәсіпорынның (ұйымның), оқу орнының және білім алушының тең жауапкершілігі кезінде білім беру ұйымындағы оқытуды кәсіпорында (ұйымда) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың міндетті кезеңдерімен ұштастыра отырып, білім алушыларға жұмыс орындарын бере отырып және өтемақы төлей отырып, кадрлар даярлау нысаны;

5) дуалды оқытуды жүзеге асыру бойынша келісімшарт – өндірістік оқыту және кәсіптік практика өту үшін білім алушыларға жұмыс орындарын беретін кәсіпорын (ұйым) мен білім алушы және өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өтудің шарттары мен тәртібін реттейтін университет арасындағы жазбаша келісім;

6) өндірістік оқыту – білім беру ұйымдарының және (немесе) кәсіпорындардың (ұйымдардың) базасында білім алушылардың теориялық білімдерін, практикалық дағдыларын игеруге бағытталған оқыту;

7) кәсіби практика – болашақ кәсіби қызметпен байланысты жұмыстардың белгілі бір түрлерін орындау процесінде теориялық білімді, дағдыларды бекітуге, практикалық дағдылар мен құзыреттерді игеруге және дамытуға бағытталған оқу іс-әрекетінің түрі;

8) кәсіпорын (ұйым) – осы Ережеге сәйкес дуалды оқытуға қатысатын заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер;

9) тәлімгер – кәсіпорынның (ұйымның) өндіріс технологияларын немесе қызмет көрсету саласын меңгерген, өндірістік оқыту мен кәсіптік практикаға басшылықты жүзеге асыратын білікті қызметкері.

9. Дуалды оқытудың қатысушылары:

1) Университет;

2) Кәсіпорын (ұйым), меншік нысанына қарамастан;

3) Білім алушы.

10. Дуалды оқытудың міндетті компоненттері:

1) Ереже;

- 2) Білім алушыны/академиялық топты дуалды оқытуға жолдау туралы бұйрық/өкім;
- 3) Академиялық күнтізбе;
- 4) Оқу жоспары;
- 5) Жұмыс оқу жоспары;
- 6) Жұмыс оқу бағдарламалары (силлабустар);
- 7) Кәсіптік практика бағдарламалары;
- 8) Дуалды оқытуды жүзеге асыру бойынша келісімшарт;
- 9) Басшылар немесе орынбасарылар немесе тәжірибелі мамандар қатарынан кәсіпорын (ұйым) тарапынан тәлімгерлердің тізімі;
- 10) Кафедра тарапынан дуалды оқытуды ұйымдастыруға жауапты қызметкерлердің тізімі;
- 11) Сабақ кестесі;

Тарау 5. Дуалды оқыту элементтерін қолдана отырып оқу үдерісін ұйымдастыру тәртібі мен шарттары

11. Дуалды оқытуды ұйымдастыру және өткізу үшін АЖБ МжЖОО мен бірлесіп дуалды оқытуды ұйымдастыру ережесін әзірлейді және бекітеді.

12. Жалпы академиялық топ дуалды оқытуға ауысқан жағдайда:

1) Академиялық топтың әрбір студенті дуалды оқытуға ауысу үшін өтінім жазады;

2) Директор/декан өтінімге қол қойып «Дуалды оқытуға жолдау туралы» бұйрыққа ұсыныс дайындайды, студенттің өтінімі мен қол қойылған келісімшартты бірге тіркейді;

3) Офис регистратор білім алушыларды дуалды оқытуға ауыстыру туралы бұйрық шығарады;

4) БББ академиялық комитетпен бірігіп білім бағдарламалары бойынша дуалды оқыту оқу жоспарын әзірлейді және бекітеді;

5) БББ директорларымен бірігіп академиялық күнтізбе әзірлейді және бекітеді;

6) МжЖОО дуалды оқытуды жүзеге асыратын Университеттің құрылымдық бөлімдер жұмысын бақылайды, дуалды оқытуды жүзеге асыратын келісімшарттарды тіркейді, кафедра бойынша дуалды оқытуды ұйымдастыратын жауаптылардың тізімін жасайды;

7) ОПЖҰБ академиялық күнтізбеге, білім алушының ЖОЖ-на сәйкес ЖОЖ және сабақ кестесін, аралық бақылау, қорытынды бақылау кетесін жасайды;

12) Кафедра пәндердің жұмыс оқу бағдарламаларын, кәсіптік практика бағдарламаларын, сонымен қатар ДОЖ-не пәндер оқу курсы әзірлейді. Кәсіпорын (ұйым) тарапынан басшылар немесе орынбасарлар немесе тәжірибелі мамандар қатарынан тәлімгерлердің тізімін, кафедра тарапынан дуалды оқытуды ұйымдастыруға жауапты қызметкерлердің тізімін кафедра жасайды;

8) Оқытушылар мен тәлімгерлер білім беру бағдарламасы, жұмыс оқу бағдарламалары (силлабустар) және педагогикалық озық тәжірибе негізінде оқыту және бағалау әдістерін оқу сабақтарын ұйымдастыру мен өткізудің әдістері мен нысандарын дербес таңдайды. ПОҚ оқу процесін қажетті оқу-әдістемелік

материалдармен (оқулықтар, оның ішінде электрондық, оқу, оқу-әдістемелік құралдар, силлабустар, практика бағдарламалары және т.б.), оқу зертханаларымен, шеберханалармен сүйемелдеп, онлайн білім беру ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

9) ҚОБ оқу, анықтамалық және әдістемелік материалдарды ҚОЖ-не орналастыру жұмыстарын бақылайды;

13. Жеке студенттерді дуалды оқытуға ауыстыру кезінде:

1) Студент барлық оқу бағдарламалары жетекшілерімен келіскен дуалды оқыту ауысу жайында өтінім жазады;

2) Директорат/деканат дуалды оқытуға ауысу туралы өкім жасайды, оқытушалармен бірге пәндерді оқытуға жеке кесте әзірлейді;

3) Оқытушылар жұмыс оқу бағдарламаларында (силлабус) пәнді оқыту кестесін түзетеді, қажетті оқу, әдістемелік материалдарды ҚОЖ-не жүктейді;

4) Оқу процесін МжЖОО –ның басшылығымен директорлардың/деканның оқу ісі жөніндегі орынбасарлары бақылайды.

14. Дуалды оқыту элементтерін қолдана отырып оқу үдерісін ұйымдастыру, жоспарлау және оқыту нәтижелерін бағалау ҚР ҒжЖБМ нормативтік құжаттарына, Университеттің Академиялық саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

15. Өндірісте оқыған кезде тәлімгерлер тағайындалады. Тәлімгерлер кәсіпорынның (ұйым) шттатық жұмыскері болуы қажет. Тәлімгер ретінде кәсіпорынның (ұйымның) тәжірибелі мамандары.

16. «Педагогикалық ғылымдар» бағытындағы білім бағдарламасы бойынша білім алушыларға оқыту профиліне сәйкес жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес, біліктілік санаты «педагог-зерттеуші», «педагог-мастер» оқытушы-тәлімгер тағайындалады, бұл санаттар болмаған жағдайда «педагог-сарапшы» рұқсат етіледі. Оқытушы-тәлімгер білім сапасы жағынан, білім алушылардың тәрбиесінің деңгейі жағынан жоғары көрсеткіші бар болуы қажет, педагогикалық әдептің негізгі қағидалары мен нормаларын сақтайтын білім беру ұйымының басшысы немесе басшының орынбасары болмауы тиіс.

17. Егер топ үнемді болса (16 және одан да көп) Университет тәлімгерге жалақы төлейді.

18. Университет білім алушыларға оқу, анықтамалық және әдістемелік материалдар орналастырылған білім беру порталы мен ақпараттық жүйелерге, «Platonus» ААЖ-ға, электрондық кітапханаға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

19. Кәсіптік практика білім алушылардың негізгі оқу түрі болып табылады. ТжКБ және ЖБ негізінде оқитын білім алушылар үшін дуалды оқыту элементтерін қолдана отырып оқу үдерісін ұйымдастыру теориялық және өндірістік оқумен бірге жүруі мүмкін және практика мерзімі екі есе ұлғайады.

20. Білім алушылардың аралық, ағымдағы және қорытынды бақылауы академиялық адалдық қағидаларына, Академиялық саясатқа және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың ECTS және дәстүрлі бағалау шкаласына ауыстырылған балдық-рейтингтік жүйесіне сәйкес айқындалады және сақталады.

21. Университет оқытушысы оқу жүктемесіне сәйкес сабаққа қатысуын, аралық, ағымдағы және қорытынды бақылау бойынша АИС «Platonus жүйесіне деректерді енгізеді.

22. Білім беру ұйымында Институт директоры/факультет деканы, директор/деканның оқу ісі жөніндегі орынбасарлары: Жарғыны, ішкі еңбек тәртібі ережелерін, еңбек қорғау талаптарын, өрт қауіпсіздігі және өзге де жергілікті актілерді сақтауға жауапты.

23. МЖЖОО дуалды оқытуды жүзеге асуына жыл сайын мониторинг жүргізеді, есеп береді.

24. Директордың/деканның оқу ісі жөніндегі орынбасарлары дуалды оқытудың жүзеге асуына оқу жылы бойы мониторинг жүргізеді, оқу жылы соңында МЖЖОО-на есеп береді.

Тарау 6. Дуалды оқытуды ұйымдастыруға қатысушылардың қызметі

25. Университет:

5) Дуалды оқыту бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру үшін қажетті жағдайлар жасайды;

6) Академиялық күнтізбе әзірлейді және бекітеді;

7) Кәсіптік практика бағдарламаларын, жұмыс оқу жоспары мен бағдарламаларын кәсіпорынмен (ұйым) келісіп әзірлейді;

8) Университет пен кәсіпорындардың (ұйымдардың) нормативтік-құқықтық құжаттарының талаптарын ескере отырып, дуалды оқыту бойынша білім беру бағдарламаларын іске асырады;

9) кәсіпорында (ұйымда) білім алушылардың өндірістік оқудан, кәсіптік практикадан өтуіне бақылау жүргізеді;

10) аралық бақылауды өткізеді;

11) дуалды оқыту бойынша оқыған түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі;

12) дуалды оқыту туралы үш жақты (екі жақты) шарттар жасасады;

13) білім алушыларды дуалды оқуға ауыстыруға бұйрық/өкім шығарады;

14) кәсіпорын (ұйым) базасында дуалды оқыту оқу сабақтарының кестесін және білім алушылардың кәсіптік практикасын ұйымдастыру бойынша кестені бекітеді;

15) кәсіпорын (ұйым) базасында кәсіптік практикадан өту кезеңінде білім алушыларды бақылауды жүзеге асыратын практика жетекшісін тағайындайды;

16) кәсіпорын (ұйым) базасында білім алушылардың кәсіптік практикадан өткені туралы тәлімгер қол қойған есепті қабылдайды;

17) Университетте аралық және қорытынды бақылауды ұйымдастырады және өткізеді;

18) білім алушыны аралық және қорытынды бақылау кезінде дуалды оқыту бағдарламасын меңгеру нәтижелерінің есебі мен мониторингін қамтамасыз етеді;

19) білім алушылардың педагогикалық әдеп, академиялық адалдық қағидалары мен нормаларын сақтауына жауап береді;

20) білім беру ұйымдарында қолданылатын Жарғының, ішкі еңбек тәртібі ережелерінің, еңбекті қорғау, тіршілік қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуына жауап береді және білім беру ұйымының базасында білім алушылар үшін санитариялық ережелерге, еңбекті қорғау, тіршілік

қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі талаптарына жауап беретін дуалды оқытудан өтудің қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз етеді.

26. Кәсіпорын (ұйым):

- 1) дуалды оқыту туралы үш жақты шарттар жасасады;
- 2) тәлімгерлікті жүзеге асыру мақсатында өндірістік оқыту мен кәсіптік практикаға басшылық жасау үшін білім алушыға тәлімгер бекітеді;
- 3) Университеттің материалдық-техникалық базасымен оны жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізу мақсатында танысады;
- 4) «Атамекен» ҰКП-ға, Білім басқармасына кәсіпорында (ұйымда) дуалды оқыту бойынша оқу, жұмыс орындарын ұсыну туралы өтінімдер жібереді;
- 5) дуалды оқытудың оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеуге және (немесе) келісуге қатысады;
- 6) дуальді оқытуға іріктеу кезінде білім алушылармен әңгімелесу жүргізуге қатысады;
- 7) білім алушыларды жұмыс жағдайларымен, қызмет саласын реттейтін нормативтік құқықтық актілермен, қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау талаптарымен таныстырады;
- 8) еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы жөніндегі заңнамада және кәсіпорынның (ұйымның) жергілікті құжаттарында көзделген нұсқамалардың барлық түрлерін жүргізеді;
- 9) білім алушыны кәсіпорынның (ұйымның) нұсқаулықтарына сәйкес жеке қорғану құралдарымен және оқыту үшін қажетті құралдармен қамтамасыз етеді;
- 10) қажет болған жағдайда білім алушыларды өндірістік оқыту үшін оқу орындарын дайындайды;
- 11) кәсіптік практикадан өту үшін орындар ұсынады, шарттарда көзделген міндеттерді орындайды және қауіпсіз жағдайлар жасайды;
- 12) жасалған шартқа сәйкес білім беру бағдарламаларына қатысты кәсіпорында (ұйымда) кәсіптік практиканы өткізуді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- 13) білім алушыны кәсіптік практикадан өту кезеңінде ақы төленетін лауазымға қабылдау мүмкіндігін қарастырады;
- 14) дуалды оқыту туралы шартқа сәйкес кәсіпорын (ұйым) базасында кәсіптік практикадан өткенін растайды;
- 15) бос орындар болған жағдайда дуалды оқыту бойынша оқыған түлектерді жұмысқа орналастыру мүмкіндігін қарастырады.

27. Білім алушы:

- 1) оқу және өндірістік тәртіпті, ішкі еңбек тәртібінің ережелерін, білім беру ұйымының Жарғысын, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі талаптарды сақтайды;
- 2) академиялық адалдық қағидаларын сақтайды;
- 3) академиялық күнтізбеде/оқу сабақтарының кестесінде белгіленген мерзімде өндірістік оқыту үшін білім беру ұйымының қарамағына келеді, теориялық оқыту үшін университетке;
- 4) білім беру ұйымына/университетке келмеген жағдайда, сәйкесінше тәлімгерге, эдвайзерге, оқытушыға болмау себебін хабарлайды;
- 5) ауырған кезде бір апта ішінде медициналық анықтама ұсынады;

6) ЖБ МЖС сәйкес білімді, іскерлікті және практикалық дағдыларды толық көлемде меңгереді;

7) оқу жоспары мен академиялық күнтізбеге сәйкес білім беру бағдарламасын меңгереді;

8) кәсіптік практика күнделігін жүргізеді, тәлімгерге атқарылған жұмыс туралы есеп береді;

9) оқыту кезінде тәлімгердің келісімі бойынша білім беру ұйымының қажетті жабдықтарын, аспаптарын, құралдарын, әдебиет қорын, зертханалық базасын, компьютерлік техникасын пайдаланады;

10) білім беру ұйымының және Университеттің материалдық-техникалық базасына, мүлкіне, жабдығына, құжаттамасына ұқыпты қарайды, оны ұтымды пайдаланады, оқыту үшін қалыпты жағдай жасауға қатысады;

11) академиялық кезең аяқталғаннан кейін университет базасында емтихан сессиясының кестесіне сәйкес аралық бақылаудан өтеді;

12) оқытудың толық курсына табысты аяқтағаннан және кредиттердің қажетті санын игергеннен кейін университетте қорытынды бақылаудан өтеді;

13) «Педагогикалық ғылымдар» саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар «педагог» біліктілік санатына білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген балдардан кем емес нәтижелермен Ұлттық біліктілік тестілеуінен өтеді;

14) өндірістік оқыту және кәсіптік практика процесінде кәсіпорын (ұйым) туралы құпия ақпаратты жария етпейді;

15) жұмыс жағдайларымен, кәсіпорын (ұйым) қызметінің саласын реттейтін нормативтік құқықтық актілермен, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайларымен танысады;

16) оқу тәртібін, ішкі еңбек тәртібінің ережелерін, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі талаптарды сақтайды;

17) жұмыс оқу жоспарында және дуалды оқыту бағдарламасында белгіленген оқытудың толық курсынан өтеді;

18) аралық семестрлік бақылаудан өтеді.

28. Тәлімгер:

1) білім алушының қалыпты еңбек және (немесе) оқу қызметі үшін қажетті жағдайлар жасау туралы басшылыққа өтініш жасайды;

2) білім алушыдан өндірістік қызметке байланысты мәселелер бойынша нұсқауларды орындауды талап етеді;

3) дуалды оқытудың жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес оқытуды жүзеге асырады;

4) лауазымдық міндеттері мен тапсырмаларын сапалы орындаудың практикалық тәсілдері мен тәсілдерін оқытады;

5) білім алушыға берілген тапсырмалардың орындалуын бақылайды;

6) білім алушылардың жіберген қателерін анықтайды және жоюға көмектеседі, орын алған кемшіліктерді жоюға көмек көрсетеді;

7) білім алушының бойына өзінің кәсіби міндеттерін орындауға жауапкершілікті, сондай-ақ жұмыс бойынша әріптестеріне құрметпен қарауды қалыптастырады;

Е 033-2023

8) кәсіпорынның (ұйымның) тікелей басшысының келісімімен қосымша оқыту үшін кәсіпорынның басқа мамандарын қосады;

9) білім алушының өндірістік және қоғамдық қызметіне байланысты мәселелерді талқылауға қатысады, кәсіпорынның (ұйымның) тікелей басшысына оны көтермелеу немесе тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану туралы ұсыныстар енгізеді;

10) білім алушыны өндірістік қызметпен, корпоративтік мәдениетпен таныстырады және одан әрі кәсіби даму туралы дүниетанымды қалыптастырады;

11) білім алушыға пікір жазады, оны жұмыс орнында бекітуге жәрдемдеседі;

12) Университетте педагогикалық технологиялар саласындағы өзінің біліктілік деңгейін арттырады;

13) дуалды оқытуды жүзеге асыру туралы келісімшарт шеңберінде кәсіптік практикадан өту кезеңінде білім алушылардың міндеттемелерін орындағанын растайды.

Тарау 7. Келісу және тарату

29. Ережені келісу, бекіту және тарату ҚП 081-2022 Құжатталған процедура. Құжаттамаларды басқаруға сәйкес жүргізілуі тиіс;

30. Ереженің жобасы Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі проректормен, құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу бөлімінің бастығымен, құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің бастығымен келісілуі тиіс және «Келісу парағында» ресімделеді. Келісу парағы құжаттың түпнұсқасымен бірге сақталады.

31. Ереже Ғылыми кеңеспен бекітіледі.

Қосымша А

**Дуалды оқытуға жолдау үшін
академиялық топ білім алушыларының өтінім үлгісі**

Ахмет Байтұрсынов атындағы
Қостанай өңірлік университеті ректоры
Тегі, Аты-жөні, Әкесінің аты
Код-Атауы ББ білім бағдаламасының күндізгі
нысаңда _____ базасы бойынша қысқартылған
оқу бағдарламасы бойынша оқитын __ курстың
студенті
Тегі, Аты-жөні, Әкесінің аты

Өтініш

Дуалды оқытуды жүзеге асыру бойынша үш жақты келісімшарт жасасумен 202 __ жылғы
__ қыркүйектен бастап дуалды оқыту элементтерін пайдалануға рұқсат етуіңізді сұраймын.

Күні

Қолы

Қосымша Б**Дуалды оқытуға жолдау үшін
білім алушылардың өтінім үлгісі**

*Атауы факультеті деканы/ Атауы институт
директоры*

Тегі, Аты-жөні, Әкесінің аты

*Код-Атауы ББ білім бағдаламасының күндізгі
нысанда толық мерзімде / _____ базасы бойынша
қысқартылған оқу бағдарламасы бойынша оқитын
__ курстың студенті*

Тегі, Аты-жөні, Әкесінің аты

Өтініш

Дуалды оқытуды жүзеге асыру бойынша үш жақты келісімшарт жасасумен 202 __ жылғы
__ қыркүйектен бастап жеке тәртіппен дуалды оқыту элементтерін пайдалануға рұқсат
етуіңізді сұраймын.

Күні

Қолы

Қосымша В
Дуалды оқытуға жолдау туралы бұйрық

**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ
АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік
УНИВЕРСИТЕТІ»
коммерциялық емес
акционерлік қоғамы**



**Некоммерческое
акционерное общество
«КОСТАНАЙСКИЙ
РЕГИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ А. БАЙТУРСЫНОВА»**

БҰЙРЫҚ

Қостанай қ.

ПРИКАЗ

№ _____

г.Костанай

Дуалды оқытуға жіберу туралы

Дуалды оқытуды ұйымдастыру туралы Ереженің П 033-2023 12 тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** 1-қосымшаға сәйкес Институт / факультет атауы келесі академиялық топтары Күні бастап дуалды оқытуға **жіберу туралы**

Негіздеме: педагогикалық институт директорының ұсынысы, студенттердің өтініштері, дуалды оқыту туралы шарттар

О направлении на дуальное обучение

В соответствии с пунктом 12 Положения об организации дуального обучения П 033-2023 **ПРИКАЗЫВАЮ** направить с Дата на дуальное обучение следующие академические группы
Наименование института / факультета согласно Приложению 1

Основание: представление директора педагогического института, заявления студентов, договоры о дуальном обучении

**Басқарма Төрағасы – Ректоры /
Председатель Правления - Ректор**

И. Фамилия

_____ 2023 жылғы № _____ бұйрыққа 1 қосымша

Приложение 1 к приказу № _____ от _____ августа 2023 года

Күні бастап дуалды оқытуға ауыстырылған Институт / факультет атауы академиялық топтары мен студенттерінің тізімі

Список академических групп и студентов Наименование института / факультета, переведенных на дуальное обучение с ДАТА

1 курс

Күндізгі оқу нысаны /Очная форма обучения

Коды- білім беру бағдарламасының атауы / Код – Наименование образовательной программы

техникалық және кәсіби білімі негізінде қысқартылған оқу бағдарламасы бойынша 3 жыл оқу мерзіміне / по сокращенной образовательной программе на базе технического и профессионального образования со сроком обучения 3 года

_____ тобы / _____ группа

№	Тегі, Аты - Жөні / Фамилия Имя Отчество
1	
...	

Күндізгі оқу нысаны /Очная форма обучения

Коды- білім беру бағдарламасының атауы / Код – Наименование образовательной программы

техникалық және кәсіби білімі негізінде қысқартылған оқу бағдарламасы бойынша 2 жыл оқу мерзіміне / по сокращенной образовательной программе на базе технического и профессионального образования со сроком обучения 2 года

_____ тобы / _____ группа

№	Тегі, Аты - Жөні / Фамилия Имя Отчество
1	
...	

Күндізгі оқу нысаны /Очная форма обучения

Коды- білім беру бағдарламасының атауы / Код – Наименование образовательной программы

жоғары білімі негізінде қысқартылған оқу бағдарламасы бойынша 3 жыл оқу мерзіміне / по сокращенной образовательной программе на базе высшего образования со сроком обучения 3 года

_____ тобы / _____ группа

№	Тегі, Аты - Жөні / Фамилия Имя Отчество
1	

Күндізгі оқу нысаны /Очная форма обучения
Коды- білім беру бағдарламасының атауы / Код – Наименование образовательной программы
жоғары білімі негізінде қысқартылған оқу бағдарламасы бойынша 2 жыл оқу мерзіміне / по сокращенной образовательной программе на базе высшего образования со сроком обучения 2 года

_____ тобы / _____ группа

№	Тегі, Аты- Жөні / Фамилия Имя Отчество
1	
...	

**Басқарма Төрағасы – Ректоры /
Председатель Правления - Ректор**

И. Фамилия

Келісілді / Согласовано:

Дата ____ . ____ . ____

Академиялық жұмыс жөніндегі проректор /
Проректор по академической работе

_____ И.Фамилия

Педагогикалық институттың директоры /
Директор педагогического института

_____ И.Фамилия

Қосымша Г Дуалды оқытуды жүзеге асыру бойынша келісімшарт үлгісі

Дуалды оқытуды жүзеге асыру бойынша № _____
КЕЛІСІМШАРТЫ

ДОГОВОР № _____
по реализации дуального обучения

Қостанай қ. «__» _____ 20__ ж.

г.Костанай «__» _____ 20__ г.

Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын бірінші тараптан «Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма Төрағасы – Ректор **Сейітбек Бекенұлы Куанышбаев**,

НАО «Костанайский региональный университет имени А. Байтұрсынова» (далее - Университет), в лице Председателя Правления – Ректора **Куанышбаева Сейтбека Бекеновича**, действующего на основании Устава, с одной стороны, и

_____ (басшының немесе басқа өкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты)

_____ (наименование предприятия)
(далее – Предприятие), в лице Директора/руководителя

Екінші тараптан кәсіпорын атынан (бұдан әрі – Кәсіпорын) Жарғы (Ереже) негізінде әрекет ететін Директор/басшы

_____ (Фамилия, имя, отчество и должность руководителя юридического лица или другого уполномоченного лица), действующего на основании Устава (Правил) с другой стороны, и

_____ (кәсіпорынның атауы)

және үшінші тараптан, Білім алушы

_____ (Фамилия, имя, отчество обучающегося (при его наличии))

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)) (бұдан әрі – Білім алушы) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес төменде көрсетілгендер бойынша осы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты:

(далее – Обучающийся), с третьей стороны, вместе именуемые «Стороны», в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан, заключили настоящий договор о нижеследующем:

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1 Университет _____ жылы оқуға түскен

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1 Университет осуществляет обучение Обучающегося по

_____ (білім беру бағдарламаның коды және атауы)

_____ форме обучения, (форма обучения)

оқу нысанындағы білім беру

поступившего в _____ году по образовательной программе

(оқу нысаны)

_____ (код и наименование образовательной программы)

бағдарламасы бойынша Білім алушының оқытуын жүзеге асырады.

1.2 Предприятие обеспечивает Обучающегося рабочим местом на базе лабораторий, учебных образовательных центров для дуального обучения в соответствии с профилем образовательной программы с надлежащими условиями труда.

1.2 Кәсіпорын білім алушыға тиісті жұмыс жағдайлары бар білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес өндірістік оқыту және кәсіптік практика үшін зертханалар, оқу білім орталықтары негізінде жұмыс орнымен қамтамасыз етеді.

1.3 Обучающийся осваивает образовательную программу с целью получения ключевых и профессиональных компетенций, позволяющих квалифицированно выполнять производственные функции и задачи.

1.3 Білім алушы өндірістік, еңбек функцияларын және тапсырмаларды білікті орындауға мүмкіндік беретін кәсіби құзыреттілікке ие болу үшін білім беру бағдарламаларын меңгереді.

2. ПРАВА СТОРОН

2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

2.1 Университет құқылы:

2.1 Университет имеет право:

2.1.1 Білім алушының Кәсіпорында дуалды білім алуын бақылауды жүзеге асыруға;

2.1.1 Осуществлять контроль за прохождением дуального обучения Обучающегося на Предприятии;

2.1.2 Осы Келісімге, Университетінің Жарғысына, білім беру ұйымының ішкі тәртіп қағидаларына және білім беру ұйымы қызметін реттейтін білім беру актілеріне сәйкес білім алушыдан адал және тиісті міндеттерді орындауын

2.1.2 Требовать от Обучающегося добросовестного и надлежащего исполнения обязанностей настоящего Договора, Устава, правил внутреннего распорядка, и актов Университета, регламентирующих его деятельность.

2.1.3 В случае несоблюдения Обучающимся трудовой дисциплины, правил внутреннего распорядка, обязательных для

Е 033-2023

талап етуге;

2.1.3 Егер білім алушы еңбек тәртібін, Кәсіпорын қызметкерлері үшін міндетті ішкі ережесін сақтамаған жағдайда, осындай ақпарат Кәсіпорынға түссе, осы келісімшартты бұзғұға.

2.2 Кәсіпорын құқылы:

2.2.1 Жаңа технологияларға және оқу үрдістің өзгерген жағдайларына сәйкес білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысуға;

2.2.2 Кәсіпорынның қажеттеліктеріне сәйкес дипломдық жұмыстардың тақырыптарын ұсынуға және Білім алушының қорытынды аттестаттауына қатысуға;

2.2.3 Егер Білім алушы еңбек тәртібін, Кәсіпорын қызметкерлері үшін міндетті ішкі ережесін сақтамаған жағдайда осы келісімшартты бұзғұға.

2.3 Білім алушы құқылы:

2.3.1 Қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жабдықталған жұмыс орнына

2.3.2 Дуалды оқытуды ұйымдастыруға және жүргізуге жауапты Кәсіпорынның (тәлімгердің) келісімі негізінде қажетті жабдықтарды, аспаптарды пайдалануға, білім алу мақсатында кітапхана және оқу залдары базасында оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттер қорына, зертханалық базасына, компьютерлік және басқа техниканы пайдалануға еркін қол жеткізу мен пайдалануға;

2.3.3 Өндірістік оқыту мен кәсіби практиканы өту барысында денсаулығына зақым келген зиянның өтеуіне;

2.3.4 Кәсіби даярлығын аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен соң Кәсіпорында иеленген біліктілігі бойынша бос орын болған жағдайда жұмысты жалғастыруға болады.

3. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ**3.1 Университет міндетті:**

3.1.1 Оқу жоспарын мен білім беру бағдарламасын Кәсіпорынмен келісіп әзірлеуге;

3.1.2 Кәсіпорынға бірлескен әрекеттер жоспарын, сонымен қатар, кәсіпорынның сұранысы бойынша қосымша ақпаратты ұсынуға;

3.1.3 Білім алушыны осы Шартта белгіленген, оның міндеттері мен жауапкершілігімен таныстыруға;

3.1.4 Дуалды оқыту үшін кафедрада жауапты оқытушыны Білім алушыға бекітуге;

3.1.5 Білім алушыны дуалды оқыту бағдарламасын орындау үшін жеке тапсырмалар беруге;

3.1.6 Білім алушыны дуалды оқыту бағдарламасына мен өткізу мерзіміне сәйкес Кәсіпорынға жіберуге;

3.1.7 Білім алушының Кәсіпорынның қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын еңбек тәртібін және ішкі тәртіп ережелерін сақтауын қамтамасыз етуге;

3.1.8 Кәсіпорынның қызметкерлеріне дуалды оқытуды жүзеге асыру мен ұйымдастыру бойынша әдістемелік көмек көрсетуге;

3.2 Кәсіпорын міндетті:

3.2.1 Кәсіпорынның білікті қызметкерлері қатарынан өндіріс немесе қызмет көрсету саласы технологияларын меңгерген, өндірістік оқыту мен кәсіптік практикаға

Предприятия, расторгнуть данный договор.

2.2 Предприятие имеет право:

2.2.1 Участвовать в разработке образовательной программы в соответствии с новыми технологиями и изменившимися условиями учебного процесса;

2.2.2 Предлагать темы дипломных работ в соответствии с потребностями Предприятия и принимать участие в итоговой аттестации Обучающегося;

2.2.3 В случае несоблюдения обучающимся трудовой дисциплины, правил внутреннего распорядка, обязательной для Предприятия, расторгнуть данный договор.

2.3 Обучающийся имеет право:

2.3.1 На предоставление рабочего места, оборудованного в соответствии с требованиями безопасности и охраны труда;

2.3.2 Пользоваться необходимыми оборудованием, приборами по согласованию с ответственным за организацию и проведение дуального обучения от Предприятия (наставником) иметь свободный доступ и пользование фондом учебной, учебно-методической литературы на базе библиотеки и читальных залов, лабораторной базой, компьютерной и иной техникой в учебных целях;

2.3.3 На возмещение вреда, причиненного здоровью в процессе прохождения дуального обучения;

2.3.4 После завершения профессиональной подготовки и успешного прохождения итоговой аттестации продолжить работу на Предприятии при наличии вакансии.

3. ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН**3.1 Университет обязуется:**

3.1.1 Согласовать с Предприятием учебный план и образовательную программу;

3.1.2 Направить план совместной деятельности, а также дополнительную информацию по запросу Предприятия;

3.1.3 Ознакомить Обучающегося с его обязанностями и ответственностью, указанными в настоящем Договоре;

3.1.4 Закрепить за Обучающимся преподавателя ответственного на кафедре за дуальное обучение;

3.1.5 Обеспечить индивидуальными заданиями для выполнения программы дуального обучения;

3.1.6 Направить Обучающегося на Предприятие в соответствии с программой и сроками проведения дуального обучения;

3.1.7. Обеспечить соблюдение Обучающимся трудовой дисциплины, правил внутреннего распорядка, обязательных для работников Предприятия;

3.1.8. Оказывать работникам Предприятия методическую помощь в организации и реализации программы дуального обучения.

3.2. Предприятие обязуется:

3.2.1. Назначить из числа квалифицированных сотрудников Предприятия ответственного за организацию и проведение дуального обучения (наставника) Обучающегося, владеющего технологиями производства или сферы услуг, осуществляющего руководство производственным обучением и профессиональной практикой;

3.2.2 Обеспечить для Обучающегося условия безопасного обучения на Предприятии (с проведением обязательных инструктажей по технике безопасности и охране труда);

Е 033-2023

басшылықты жүзеге асыратын Білім алушыны дуалды оқытуды ұйымдастыруға және жүргізуге жауапты (тәлімгер) тағайындауға;

3.2.2 Білім алушының жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс жағдайын (қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқамалықты өткізу арқылы) қамтамасыз етуге;

3.2.3 Дуалды білім беру бағдарламасында қарастырылмаған және Білім алушының білім беру бағдарламасына қатысы жоқ лауазымдарда Білім алушыны пайдалануға жол бермеуге;

3.2.4 Білім алушының еңбек тәртібін және кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны бойынша барлық оқиғалар туралы білім беру мекемесін хабардар ету;

3.2.5 Білім алушының дуалды білім беру бағдарламаларын және жеке тапсырмаларын орындауы мақсатында жұмыс орындарда Білім алушының білім беру бағдарламасын толық игеруі және қажетті болатын зертханаларды, кабинеттерді, шеберханаларды, кітапхананы, сызбаларды, техникалық және басқа құжаттарды пайдалануға қажетті жағдай жасауға;

3.2.6 Тиісті қызметтің бос орны бар болған жағдайда иеленген білім беру бағдарламаға сәйкес жұмысқа қабылдау үшін Білім алушының кандидатурасын қарастыруға.

3.3. Білім алушы міндетті:

3.3.1 Кәсіпорынның қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын еңбек тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін, қауіпсіздік техника ережелерін сақтауға;

3.3.2 Кәсіпорынның жабдықтарына, аспаптарына, құжаттарына және басқа мүлкіне ұқыпты қарауға;

3.3.3 Дуалды оқыту бағдарламасының талаптарын қатаң сақтауға және орындауға;

3.3.4 Дуалды оқыту бағдарламасын игеру үшін жеке тапсырмаларды уақытында орындауға.

3.3.5 Оқу кестесіне сәйкес белгіленген уақытта Кәсіпорынның қарауына келуге;

3.3.6 Ауырған немесе белгілі бір себептермен сабаққа қатыспаған жағдайда кафедра меңгерушісі мен Кәсіпорынның жетекшісіне дәлелді құжаттарын (медициналық мәліметтер, шақыру қағазы, түсініктеме және т.б.) тапсыруға;

3.3.7 Оқу барысында және оқу аяқталған соң кәсіпорын туралы құпия ақпаратты жария етпеуге міндеттенеді.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4.1 Тараптар осы Шартта қарастырылған міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес жауапты болады.

5. ДАУЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ТӘРТІБІ

5.1 Осы Шартты орындау барысында туындаған даулар мен келіспеушіліктер, өзара тиімді шешімдер қабылдау мақсатында Тараптардың тікелей өздерімен шешіледі.

5.2 Тараптар тарапынан келіссөздер, өзара тиімді шешімдер жолымен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

3.2.3 Не допускать использования Обучающегося на должностях, не предусмотренных программой дуального обучения и не имеющих отношения к образовательной программе Обучающегося;

3.2.4 Сообщать в Университет обо всех случаях нарушения Обучающимся трудовой дисциплины и правил внутреннего распорядка предприятия;

3.2.5 Создать необходимые условия для выполнения Обучающегося по программе дуального обучения на предприятии с предоставлением возможности пользования лабораториями, кабинетами, мастерскими, библиотекой, чертежами, технической и другой документацией, необходимой для успешного освоения Обучающимся образовательной программы и выполнения индивидуальных заданий;

3.2.6 Рассмотреть кандидатуру выпускника для принятия на работу в соответствии с освоенной образовательной программой при наличии соответствующей вакансии.

3.3. Обучающийся обязан:

3.3.1 Соблюдать трудовую дисциплину, правила внутреннего распорядка, правила техники безопасности на месте обучения, обязательные для работников Предприятия;

3.3.2 Бережно относиться к оборудованию, приборам, документации и другому имуществу Предприятия;

3.3.3 Строго соблюдать и выполнять требования программы дуального обучения;

3.3.4 Своевременно выполнять индивидуальные задания для освоения программы дуального обучения;

3.3.5 Прибыть в распоряжение Предприятия в соответствии с графиком обучения;

3.3.6 В случае болезни и иных уважительных причин отсутствия на занятиях представить ответственному за дуальное обучение на кафедре и ответственному сотруднику за организацию и проведение дуального обучения на Предприятии (наставнику) подтверждающие документы (медицинские справки, объяснительные и пр.).

3.3.7 Не разглашать конфиденциальную информацию о Предприятии в процессе обучения и после его завершения.

4. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ СТОРОН

4.1 За неисполнение, либо ненадлежащее исполнение своих обязанностей, предусмотренных настоящим Договором, Стороны несут ответственность в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

5. ПОРЯДОК РАЗРЕШЕНИЯ СПОРОВ

5.1 Разногласия и споры, возникающие в процессе выполнения настоящего Договора, разрешаются непосредственно Сторонами в целях выработки взаимоприемлемых решений.

5.2 Вопросы, не разрешенные сторонами путем переговоров, выработки взаимоприемлемых решений, разрешаются в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

6. СРОК ДЕЙСТВИЯ, ПОРЯДОК ИЗМЕНЕНИЯ УСЛОВИЙ ДОГОВОРА И ЕГО РАСТОРЖЕНИЕ

6.1 Настоящий Договор вступает в силу со дня его подписания Сторонами и действует до полного завершения обучения

